

Абдигапбарова А., Құрбаналиев Б., Самбеткулова Н.

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы

Кәсіптік оқыту жүйесіндегі еңбек процесінің алатын орны

Кәсіптік оқу орындарында болашақ мамандарды кәсіптік даярлау өнімді еңбек негізінде жүргізіледі.

Кәсіптік оқыту кезінде білім алушылардың кәсіби іскерліктері мен дағдылары заманауи маманның деңгейіне сәйкес келуі үшін өндірістік оқытуда тиісті кәсіби қызметінің негізгі түрлерімен іске асып келеді. Бұл оқу шеберханаларында нақты өндірісті ұйымдастыра отырып, сонымен, кәсіби дағдыларды қалыптастыру үшін өндірістік оқытудың мазмұны жұмыстың негізгі түрлерін және еңбек процесінің байланысын көрсетеді.

Өндіріс процесінде табиғи және еңбек процестерінің әсер ету жиынтығымен оның нәтижесінде қажетті өнім мен пайдалы өндірістік нәтиже алынады.

Еңбек процесі - материалдық құндылықтарды құру процесінде немесе адам қызметінің басқа салаларында белгілі бір функцияларды орындау кезінде жүзеге асыратын әрекеттер жиынтығы. Еңбек процесі өндірістік процестің бір бөлігі ретінде өндірістің бірқатар салаларындағы жұмыс сапасымен ерекшеленеді.

Бірқатар кәсіптерде өндіріс процесі жұмысшы маманның еңбек процесіне сәйкес келеді. Мысалы, бақылау-өлшеу аспаптарын құрастырушы слесарь құрастыру және жөндеу жұмыстарын негізінен қолмен орындайды. Сондықтан оқу мекемелеріндегі өндірістік оқыту мен еңбек процестері сәйкестеніп, бірлесе отырып іске асырылады.

Еңбек процесінің құрылымы өндіріс процесінің бөлігі болып табылады. Еңбектің өзі мақсатты қызмет ретінде кәсіби маманның іс-әрекеті болғандықтан, іс-әрекеттерден басқа, объект пен еңбек құралдарын да қамтиды.

Еңбек процесі-материалдық құндылықтарды құру процесінде немесе адам қызметінің басқа салаларында белгілі бір функцияларды орындауда жүзеге асырылатын әрекеттер жиынтығы болып табылады.

Операция-бұл белгілі бір қызмет бірлігі, ол еңбек процесінде әрекетті орындау әдісі (мысалы, дәнекерлеу, құрастыру).

Оқу материалы мазмұнының шешуші рөлімен студенттердің жұмыс әдістерін, еңбек операцияларын және белгілі бір мамандыққа тән жұмыс түрлерін дәйекті және оңтайлы игеруін қамтамасыз ететін дидактикалық оқыту құралдары.

Еңбек құралдары-бұл еңбек процесін жүзеге асырылатын құралдар (өлшеу құралдары, құралдар, станоктар мен машиналар және т.б.).

Маманның еңбегі-бұл еңбек объектілерін өзгертетін, оларды адамның қажеттіліктеріне сәйкес өзгертетін материалдық және материалдық емес өндіріс саласындағы қызмет түрлері болып табылады.

Кәсіптік немесе өндірістік процесті жүзеге асыру және оны мұқият дайындауды, олар: бірінші материалдармен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, екінші жағынан-жоспарлау, оның ішінде тапсырмамен танысу, қажетті материалдарды, құралдарды, құрылғыларды таңдау, есептеулерді орындау, жұмыс дәйектілігі жоспарын құруды қажет етеді.

Өндірістік процеске және білім алушылардың еңбекке қатынасына шешуші әсер етеді: нақты мақсатты орнату; тапсырманың білім алушылардың мүдделеріне сәйкестігі; тапсырмалардың мазмұны бойынша да, саны бойынша да педагогикалық құндылығы; құралдар мен материалдардың жақсы сапасы, олардың тапсырмаға сәйкестігі; тапсырманың әлеуметтік пайдалы маңыздылығы; шебер тарапынан жоспарлы басшылық кезінде өз бетінше білім алушылардың қалыпты жұмыс жағдайын жасау.

Кәсіптік (өндірістік) оқыту жүйесіндегі қандай да болмасын еңбекке байланысты (қолмен, машинамен және т.б.) тиісті еңбек әдістері қолданылады. Демек, олардың мазмұны орындалатын жұмысқа байланысты. Еңбекті іске асыруда олардың әдістері де күрделене түседі: олар дамып, жетілдіріліп, жаңа

мазмұнмен байытылады. Өндірістік оқыту процесі білім алушылардың еңбек әдістерін орындау үшін тұрақты дағдыларын дамытудан тұрады.

Өндірістік оқыту кәсіптік білім беру мазмұнының міндетті құрамдас бөлігі, сонымен, кәсіптік білім берудің бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім алушыларды мамандық немесе біліктілік бойынша белгілі бір қызмет түріне тәжірибелік кәсіби даярлау болып табылады. Өндірістік оқытудың мақсаты – білім алушылардың кәсіби шеберлігін қалыптастыра отырып, оқу процесінде жүзеге асыру болып табылады.

Өндірістік оқытудың негізі – оның мазмұны кәсіби педагогика заңдарымен, өндірістік процеске тікелей қатысатын тиісті бейіндегі және біліктілік деңгейіндегі жұмысшы-қызметкерлердің (мамандардың) еңбегінің сипаты мен мазмұнымен айқындалатын өндірістік еңбекке негізделеді.

Еңбек процесі өндірістік оқытудың негізгі мазмұны болып табылатындықтан бұл процестердің табиғи-ғылыми, ғылыми-техникалық және техникалық-экономикалық негіздері теориялық оқытудың мазмұнымен анықталады. Сөйтіп, практикалық іскерліктер мен дағдыларды қолдану барысында жетілдірілген, терең әрі кеңейтілген білім негізінде қалыптасады.

Қорыта айтқанда, кәсіптік, өндірістік оқытудың маңызды ерекшелігі білім алушыларды арнайы ұйымдастырылған оқу шеберханаларында, зертханаларда, оқу учаскелерінде, полигондарда, оқу шаруашылықтарында, тренажерларда, нақты өндіріс жағдайларына барынша жақын оқу қондырғыларында оқыту болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Өстеміров К.Ө. Кәсіптік педагогика. Оқу құралы. Алматы. 2006.
2. Өстеміров К. Кәсіптік оқыту әдістемесі. – Алматы: «РАДиАЛ», 2006. – 240 бб.
3. Сейтешев А.П. Теоретико-методологические основы современной профессиональной педагогики. – Алматы, Мектеп, 2003, 463 с.